«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі

2025–2026 оқу жылындағы 2-сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарына анықтама

2025–2026 оқу жылында 2-сыныптарында тәрбие жұмысы мектептің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізілді.

2025–2026 оқу жылында 2-сынып оқушыларымен тәрбие жұмысы сынып сағаттарының жылдық жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – оқушылардың бойында адамгершілік, отансүйгіштік, жауапкершілік, еңбекқорлық, адалдық, достық, өзара сыйластық, қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру.

Жыл бойы өткізілген сынып сағаттары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, әңгімелесу, пікір алмасу, бейнеролик көру, шығармашылық тапсырмалар, ойындар, тренингтер, челленджер, практикалық жұмыстар және тәрбиелік іс-шаралар түрінде өткізілді.

Тәрбие жұмысы айлық бағыттарға сәйкес құрылып, әр тоқсанда оқушылардың рухани-адамгершілік, патриоттық, құқықтық, еңбек, экологиялық, отбасылық және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға басымдық берілді.

I тоқсан

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Оқу жылының алғашқы айында оқушылардың мектепке бейімделуіне, сынып ұжымын қалыптастыруға, отбасы құндылықтарын дәріптеуге және еңбекке оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

«Мен және менің отбасым» тақырыбындағы сынып сағатында оқушылар отбасы мүшелері туралы әңгімелеп, ата-анаға деген құрмет, отбасындағы өзара көмек пен сыйластық туралы түсініктерін кеңейтті. Қауіпсіздік сабағында жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері түсіндіріліп, көшедегі өзін қауіпсіз ұстау ережелері қарастырылды.

«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» тақырыбы арқылы ананы құрметтеу, ана еңбегін бағалау, мейірімділік пен қамқорлық қасиеттері насихатталды. Оқушылар тақырыпқа байланысты бейнеролик дайындауға қатысты.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Еңбек түбі – береке» тақырыбы қарастырылды. Оқушылар еңбекқорлықтың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік алып, күнделікті үйдегі және мектептегі еңбек түрлерін атады. Сонымен қатар достарымен жанжалдасқан жағдайда өзін қалай ұстау керектігі жөнінде қауіпсіздік әңгімесі өткізілді.

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Қазан айында оқушылардың Отанға, туған жерге, ұстазға және үлкендерге деген құрметін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

«Қарияларға құрмет – ұрпақ парызы» тақырыбында Халықаралық қарттар күніне байланысты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар қарт адамдарды сыйлау, оларға көмектесу, ізет көрсету туралы ойларын ортаға салды.

«Ұстаз – білімнің шамшырағы» тақырыбында Мұғалімдер күніне арналған тәрбие жұмысы ұйымдастырылды. Оқушылар ұстаз еңбегінің маңызын түсініп, мұғалімге алғыс айту мен құрмет көрсету мәдениетін қалыптастырды.

«Smart bala» жобасы аясында «Интернеттегі ізеттілік пен қауіпсіздік» тақырыбы қарастырылды. Оқушылар интернетте жеке мәліметтерді қорғау, бейтаныс адамдармен байланысқа сақтықпен қарау, желідегі әдептілік ережелері туралы ақпарат алды.

«Қазақстан – ортақ үйіміз» тақырыбында Республика күніне арналған сынып сағаты өткізілді. Оқушылар Қазақстан Республикасының рәміздері, туған жер, Отан және ел бірлігі туралы білімдерін толықтырды.

II тоқсан

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

Қараша айында оқушылардың адалдық, әділдік, жауапкершілік және салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді.

«Оян, ар мен адалдық!» тақырыбында адал болудың маңызы түсіндірілді. Оқушылар шындықты айту, өз ісіне жауап беру, басқа адамдардың еңбегін бағалау туралы әңгімелесті.

«Ұлттық валюта – теңге» тақырыбында Қазақстанның ұлттық валютасы туралы түсінік беріліп, теңгенің еліміздің экономикалық өміріндегі орны туралы қарапайым мәліметтер айтылды.

«ДОСБОЛЛКЕ – Буллингтен қорған!» тақырыбында оқушылар арасындағы достық қарым-қатынас, бір-бірін ренжітпеу, қиын жағдайда көмек сұрау және өзара қолдау мәселелері талқыланды.

«Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында пайдалы және зиянды тағамдар ажыратылып, дұрыс тамақтану мәдениеті туралы түсінік қалыптастырылды.

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

Желтоқсан айындағы тәрбие жұмыстары оқушыларды бірлікке, ынтымаққа, өзара көмекке және патриотизмге тәрбиелеуге бағытталды.

Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына байланысты оның өмірі мен ерлігі туралы тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар батырдың Отанға деген сүйіспеншілігі, ерлігі мен елжандылығы туралы мәліметтер алды.

Сыныпта және мектепте тазалықты сақтау мақсатында тазалық акциясы ұйымдастырылып, оқушылар қоғамдық ортаға жауапкершілікпен қарауға үйренді.

«Әдептілік – тәртіптің белгісі» тақырыбында оқушылардың күнделікті қарым-қатынас мәдениеті, сыпайылық, үлкенді сыйлау және кішіге қамқор болу мәселелері қарастырылды.

«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» тақырыбында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы түсініктер кеңейтіліп, Отанды сүю, ел тарихын құрметтеу қажеттігі түсіндірілді.

«Бірлік және ынтымақ» құндылығы, «Жаңа жылдық тарту» тақырыбы аясында оқушылар бір-біріне жылы тілектер айтып, достық қарым-қатынасты нығайтатын шығармашылық жұмыстар орындады.

III тоқсан

Қаңтар – заң және тәртіп айы

Қаңтар айында оқушылардың тәртіп сақтау, адалдық, құқықтық мәдениет және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстары жүргізілді.

«Адал болу – арлы болу» тақырыбында адалдық ұғымы түсіндіріліп, оқушылардың дұрыс шешім қабылдауына ықпал ететін жағдаяттар талқыланды. Адалдық сағаты барысында шыншылдық, жауапкершілік және әділдік құндылықтары насихатталды.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында әр баланың қауіпсіздікке, құрметке және қамқорлыққа құқығы бар екені түсіндірілді. Оқушылар жағымсыз жағдайларда сенімді ересек адамнан көмек сұрау жолдарын білді.

«Жақсы мен жаманды ажырат» тақырыбында оқушылар жақсы және жағымсыз әрекеттерді салыстырып, дұрыс мінез-құлық белгілерін анықтады.

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы

Ақпан айында шығармашылық қабілеттерді дамытуға, цифрлық қауіпсіздікке, жаңашылдыққа қызығушылықты арттыруға көңіл бөлінді.

«Smart bala» жобасы аясында «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында қауіпсіз интернетті пайдалану ережелері түсіндірілді. Оқушылар интернеттегі жеке қауіпсіздік, бейтаныс адамдармен онлайн байланысқа сақтықпен қарау және цифрлық әдеп туралы білімдерін толықтырды.

Қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына байланысты ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы танымдық тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

«Шабыт» жобасы. «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет!» тақырыбында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтауға және өз таланттарын көрсетуге мүмкіндік берілді.

«Жаңалыққа ашық бол!» тақырыбында жаңашылдық, ізденіс, жаңа білімге қызығушылық туралы түсініктер қалыптастырылды.

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Наурыз айында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ата-анаға құрмет көрсету, патриоттық тәрбие және ұлттық дәстүрлерді насихаттау бағытында жұмыстар жүргізілді.

«Рақмет айту – іскерлік белгісі» тақырыбында алғыс айту мәдениеті, ризашылық білдіру, жақсылықты бағалау мәселелері қарастырылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының «Ананың аялы алақаны» челленджіне байланысты тәрбиелік жұмыс жүргізілді.

«Наурыз – жыл басы» тақырыбында ұлттық мереке, қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар және Наурыз мерекесінің тәрбиелік мәні туралы әңгіме өткізілді.

IV тоқсан

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Сәуір айында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, денсаулықты сақтау, еңбекке баулу және болашақ мамандықтар туралы түсініктерін дамытуға басымдық берілді.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясындағы «Кітап – сарқылмас бұлақ» тақырыбында кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы әңгіме өткізілді. Оқушылар сүйікті кітаптары мен кейіпкерлері туралы ой бөлісті.

«Өмірге салауатты қадам» тақырыбында Дүниежүзілік денсаулық күніне байланысты тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Дұрыс тамақтану, күн тәртібі, жеке бас гигиенасы, қозғалыс белсенділігі туралы түсініктер бекітілді.

«ДОСБОЛЛІКЕ – Біз біргеміз, біз күштіміз!» тақырыбында буллингтің алдын алу жұмыстары жалғастырылды. Оқушылар достық, өзара сыйластық, кешірімділік және бір-біріне қолдау көрсету туралы пікір алмасты.

«Бүгінгі еңбек – ертеңгі жетістік» тақырыбында еңбектің адам өміріндегі рөлі, жауапкершілік және мақсатқа жету жолдары түсіндірілді.

«Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» тақырыбында оқушылардың бір-бірінің ерекшеліктерін құрметтеуі, кемсітпеу, достық пен теңдік құндылықтары қалыптастырылды.

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

Мамыр айында Отанды сүю, ел тарихын құрметтеу, отбасы құндылықтарын дәріптеу, достық пен бірлікті нығайту бағытында қорытынды тәрбие жұмыстары жүргізілді.

«Мен – Отанымның патриотымын» тақырыбында патриотизм ұғымы түсіндіріліп, Қазақстанды сүю, елін құрметтеу, туған жерін қорғауға дайын болу сияқты азаматтық қасиеттер дәріптелді.

«Отбасы құндылығы – отбасы жылуы» тақырыбында отбасының адам өміріндегі маңызы, ата-ананы құрметтеу, отбасындағы өзара көмек пен сыйластық туралы әңгіме жүргізілді.

«ДОСБОЛЛІКЕ – Мен мейірімді доспын!» тақырыбында достық, мейірімділік, жанашырлық және сыныпта жағымды психологиялық орта қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.

Оқу жылының қорытынды кезеңінде «Білімім – Отаныма!» тақырыбында оқушылардың оқу жылында алған білімдерін ел игілігіне жұмсау, білімді болу, іздену және жауапкершілік туралы тәрбиелік әңгіме өткізілді.

Қауіпсіздік сабақтарының жүргізілуі

2025–2026 оқу жылында сынып сағаттарымен қатар оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған 10 минуттық қауіпсіздік сабақтары жүйелі түрде өткізілді.

Қауіпсіздік сабақтарында төмендегі бағыттар қамтылды:

- жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлерін білу;
- жедел қызметтерге дұрыс қоңырау шалу;
- көшеде және жолда өзін қауіпсіз ұстау;
- бейтаныс адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау;

• интернеттегі қауіпсіздік;

• желі арқылы танысудың қауіптері;

• үйдегі қауіпсіздік ережелері;

• мұз үстіндегі қауіптер;

• су қоймаларындағы қауіпсіздік;

• панасыз қалған жануарлармен кездескен кездегі сақтық;

• дүкенде және қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстау;

• тамақ өнімдерін дұрыс таңдау;

• достар арасындағы жанжалды бейбіт жолмен шешу;

• ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану;

• демалыс кезіндегі қауіпсіздік;

• жол қозғалысы ережелері.

Сонымен қатар жыл бойы ЖЖЕ №1–№6 тақырыптары бойынша жол қауіпсіздігіне арналған түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың жол белгілерін білуіне, көшеде және қоғамдық көлікте қауіпсіз жүріп-тұруына, жаяу жүргінші ретінде өз міндеттерін түсінуіне көңіл бөлінді.

Буллингтің алдын алу жұмыстары

Жыл бойында «ДОСБОЛЛІКЕ» жобасы аясында бірнеше тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға буллингтің түрлері, оның алдын алу жолдары, құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасау және қиын жағдайда ересектерден көмек сұрау туралы түсінік берілді.

«Буллингтен қорған!», «Біз біргеміз, біз күштіміз!», «Мен мейірімді доспын!» тақырыптары арқылы оқушылар арасында достық, сыйластық, мейірімділік және өзара қолдау атмосферасын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарылды.

Ата-аналармен жұмыс

Оқу жылы барысында тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін, интернетті дұрыс пайдалануын, баланың мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аударуды, отбасындағы жылы қарым-қатынас пен қолдаудың маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Ананың аялы алақаны» челленджі арқылы ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайтуға бағытталған жұмыстар ұйымдастырылды.

Оқушылардың жылдық жетістіктері

Жыл бойы жүргізілген тәрбие жұмыстарының нәтижесінде оқушылардың:

• отбасы мен ата-ананы құрметтеу;

• үлкендерге ізет көрсету;

• достарымен дұрыс қарым-қатынас жасау;

• еңбекке жауапкершілікпен қарау;

• адалдық пен әділдікті түсіну;

• Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

• ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеу;

• кітап оқуға қызығушылық таныту;

• интернетті қауіпсіз пайдалану;

• жол қозғалысы ережелерін сақтау;

• жеке қауіпсіздік талаптарын орындау;

• салауатты өмір салтын ұстану;

• табиғатқа және қоршаған ортаға қамқорлық жасау дағдылары дамыды.

Сынып сағаттарында оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге, сұрақтарға жауап беруге, пікір алмасуға, шығармашылық тапсырмаларды орындауға және топпен жұмыс жасауға белсенді қатысты.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылында 2-сыныпта тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырылды. Сынып сағаттарының мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне, тәрбиелік қажеттіліктеріне және қауіпсіздік талаптарына сай құрылды.

Жыл бойындағы тәрбие жұмыстарының негізгі бағыты – оқушыны өзіне, отбасына, достарына, мектебіне және Отанына жауапкершілікпен қарайтын, әдепті, еңбекқор, мейірімді, адал және қауіпсіздік ережелерін сақтайтын тұлға ретінде қалыптастыру болды.

Сынып сағаттары барысында оқушылардың азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, еңбек, отбасылық, құқықтық, эстетикалық және денсаулық сақтау бағыттарындағы түсініктері кеңейді.

Алдағы оқу жылында оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға, оқу мотивациясын қолдауға, ата-аналармен байланысты нығайтуға, буллингтің алдын алуға, цифрлық және жол қауіпсіздігі мәдениетін жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жалғастыру жоспарланады.

Жалпы қорытынды: 2025–2026 оқу жылындағы 2-сыныптың тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп, қойылған тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруға бағытталды.

Жасалған жұмыстардың дәлелдеме құжаттарының үлгісі қосымшада ұсынылады

Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі: Алипова Д.О

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М.А.Жадикова